

**Молдахмет Архад Айтжанұлы «Сырдарияның төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірінің қалалары: Қышқала материалдары бойынша» тақырыбындағы 6D020800 – Археология және этнология философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы жөнінде отандық ғылыми кеңесшінің**

## **ПІКІРІ**

Молдахмет Архадтың «Сырдарияның төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірінің қалалары: Қышқала материалдары бойынша» деген тақырында дайындағын жұмысы Қазақстанның саяси, мәдени тарихы мен археология саласында өзекті мәселелердің бірін қамтитыды. Ұсынылған жұмыс әлем тарихында Алтын Орда деген атаумен қалған алып империя өмір сүрген уақытта қазіргі қазақ даласының стратегиялық маңызы мен мәдениетін археологиялық тұрғыдан зерделеуге негізделген. Ортағасырлық ескерткіштер соның ішінде жекелеген қала орындарында жүргізілген кешенді археологиялық қазба жұмыстарының тың нәтижелері ұсынылған.

Аталған зерттеу теориялық тұрғыдан бірқатар маңызды сұрақтардың шешімін табуға бағытталған. Атап айтқанда Алтын Орда заманындағы Сырдария өзенінің төменгі ағысында қала мәдениетінің дамуы, олардың стратегиялық маңызын анықтау және тұрмыстық, шаруашылық мәдениеті жайлы жаңа тұжырымдар жасалған.

Диссертант жұмыстың мақсаты мен міндеттерін нақты белгіліп, тақырыптың ғылыми жаңалықтарының мәнін ашып, көрсете білген. Біз оны жұмыстың жүйелі құрылымынан көре аламыз. Диссертацияның мазмұны негізгі үш тарауға топтастырылған.

Бірінші тарауда Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық ескерткіштерге қатысты жыр, аңыз түріндегі фольклорлық деректер мен жазба материалдар және ғылыми зерттеулерді қамти отырып тақырыптың зерттелу тарихы жазылған. Тақырыпқа арқау болған ортағасырлық қалаларды және Баршынкентті (Қышқаланы) баламалауға байланысты жаңа болжамдарды ортаға салып отыр. Сонымен қатар ортағасырлық Қышқалаға жақын орналасқан елді мекендер де қоса қарастырып, жұмыстың мазмұнын байыта түскен.

Жұмыстың екінші тарауы негізгі зерттеу нысаны болып отырған Қышқаланың тарихи-топографиялық ерекшеліктерін айқындап, ескерткіш аумағының суландыру жүйесіне баса назар аударылған. Сонымен қоса Қышқалада жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында ашылған қоғамдық немесе ғұрыптық-мемориялдық құрылыстар ретіндегі архитеуралық нысандардың сипаттамасы мен қызметі, сәулеттік ерекшеліктері жайлы қорытындылар берілген.

Үшінші тарау, ортағасырлық Қышқаланың археологиялық зерттеу жұмыстары кезінде қол жеткізген материалдық дерктерді талдауға бағытталған. Мұндағы деректер кешенін қала аумағынан табылған нумизматикалық олжалар, қыш бұйымдар, адам және жануар сүйектері

құрайды. Табылған құнды жәдігерлер бойынша тарихи-салыстырмалы және зертханалық талдаулар жасай отырып, Қышқаланың экономикасына, тұрғымысы мен шаруашылығына қатысты тың тұжырымдар ұсынылған.

Ізденуші жұмысты орындауда жалпыға орытақ тарихи салыстырмалы талдау, жүйелеу, топтау және археологиялық зерттеу әдістерін кеңінен қолданған. Сондай-ақ жаратылыстану ғылымының заманауи жетістіктерін пайдалана отырып, ескеркіштердің нақты мерзімін анықтау, антропология, археозология бағытындағы бірқатар зертханалық талдау нәтижесіне қол жеткізген. Осы орайда диссертант А. Молдахметтің 2018-2023 жылдар аралығында ортағысырлық Қышқалада жүргізілген археологиялық экспедиция құрамында болып, материалдарды жинауға, өңдеуге тікелей қатысқандығын атап айтуға болады.

Жалпы жұмыс кіріспе, негізгі 3 тараудан және қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Мазмұны жүйелі әрі қисынды түрде жоспарланған.

Қорыта айтақанда, ізденуші А. Молдахмет өзінің диссертациялық жұмысында алдына қойылған мақсатына жетіп, ғылыми міндеттерін толық жүзеге асыра алған. Диссертация ғылыми-зерттеу жұмысын орындаудың талаптарына сай келеді.

Диссертанттың теориялық және тәжірибелік дайындығының жоғары деңгейін, ғылыми зерттеу әдістемелерін толық игеріп, өздігімен ғылыми жұмыс орындай алу қабілетін көрсете білді.

Жоғарыда айтылған басымдылықтарды ескере отырып, Молдахмет Архад Айтжанұлының «Сырдарияның төменгі ағысындағы Алтынорда дәуірі қалалары: Қышқада материалдары бойынша» тақырыбында дайындалған жұмысы толық аяқталған және қорғауға лайықты деп санаймын.

**әл-Фараби атындағы ҚҰУ, Тарих факультеті,  
Археология, этнология және музеология  
кафедрасының профессоры, тарих  
ғылымдарының докторы**



**М. Елеуов**